



ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ: ЕЛ ЖАҢҒЫРУЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ

Президент Құрылтай сайлауының маңызы айрықша екенін атап өтіп, бұл саяси оқиға ауқымды өзгерістердің жаңа кезеңіне жол ашатынын айтты.

— Шын мәнінде, бүгін — еліміз үшін тарихи күн. Тұңғыш рет бір палаталы Құрылтай сайлауын өткізіп отырмыз. Бұл — маңызды тарихи оқиға. Біз біртұтас ел болып, ауқымды реформалар жүргізіп жатырмыз. Мұны бәріңіз білесіздер, күе болып отырсыздар. Ойдағыдай нәтижелерге қол жеткіздік. Дегенмен алдымызда тұрған жұмыс ауқымды, мақсатымыз маңызды деп айтуға болады. Бүгінгі сайлау — осы жұмыстың бастауы ғана, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан соң Мемлекет басшысы алғашқы Құрылтай сайлауына және елдегі өзгерістерге қатысты БАҚ өкілдерінің бірқатар сауалына жауап берді.

«Хабар» телеарнасының тілшісі елімізде жүріп жатқан конституциялық реформаның келесі жылы да жалғасуы, соның ішінде Құрылтай мен Қазақстан Халық кеңесі іске кірісіп, Вице-президент лауазымы тағайындалуы қандай өзгерістерге сеп болатыны жайында сұрады.

«Жұрттың бәрі Вице-президент лауазымы туралы сұрап жатыр. Расында, бұл — айтулы өзгеріс. Біз Конституциямызға жаңа лауазымды арнайы енгіздік. Себебі қазіргі бұлыңғыр заманда мұндай лауазым елімізде өте қажет. Келесі аптада немесе он күн ішінде Вице-президент кім екені мәлім болады. Мен оны қазір анық айта алмаймын. Ол белгілі, сіздер жақсы



Мемлекет басшысы елордадағы Тәуелсіздік сарайында орналасқан №520 сайлау учаскесінде Құрылтай депутаттарының сайлауында дауыс берді. Одан кейін Мемлекет басшысы бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арналған брифинг өткізді.

білетін адам болады деп ойлаймын. Жұмысын жандандыру қажет. Халық тағы басқа реформаларды іске асырамыз. Мысалы, Қазақстан Халық кеңесінің

жатыр екен. Халық кеңесі Ассамблеяның атқарған қызметін одан әрі күшейтеді деп ойлаймын. Бұл көпфункционалды, жаңа саяси тетік деп айтуға болады. Сондықтан Кеңестің жұмысы жемісті болатынына көміл сенемін.

Жалпы, жоспарымыз өте ауқымды. Осыған дейін айтқанымдай, Қазақстан үлкен құрылыс алаңына айналуы керек. Әр облыс орталығында немесе аудандар мен қалаларда ірі құрылыстар жүргізіледі. Емханалар, балаларға арналған оңалту орталықтары, басқа да нысандар салынады. Астанада жаңа көпір, Домбыра сарайы, Су ресурстарын зерттеу орталығы секілді маңызды нысандар бой көтереді. Қалаларды абаттандыру керек. «Таза Қазақстан» акциясын ойдағыдай жалғастыру қажет. Сондықтан қол қусырып отыруға болмайды. Біріміз бір ел болып іске кіріскеніміз жөн. Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Отан үшін бәріміз күш салуымыз керек. Жалпы, саяси науқан жақсы өтті. Себебі жұрт алдына жаңа тұлғалар шықты, ұтымды идеялар айтылды. Бұл Құрылтай еліміздің дамуына тың серпін береді деп ойлаймын», деп жауап берді Президент.

Белгілі интернет басылмалық тілшісі Конституциялық сот жариялаған түсіндірмеге сәйкес, Мемлекет басшысының Президент лауазымына қайта сайлануға құқы бар екенін еске сала келе, Қасым-Жомарт Тоқаевтан 2029 жылғы Президент сайлауына қатысты жоспарын сұрады.

Жалғасы 2-бетте.

ҚАЙТАРЫЛҒАН АКТИВТЕР

БУЛАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ОБЪЕКТІЛЕРІ МЕМЛЕКЕТТІК МЕНШІККЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Булаев қаласының тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ететін таза су резервуарлары мен су құбыры желілері мемлекет меншігіне қайтарылды.

Солтүстік Қазақстан облысының прокуратурасы Мағжан Жұмабаев ауданының әкімдігімен бірлесіп 2017 жылы «Булаев су» ЖШС жарғылық капиталындағы үлесін іске асыру кезінде бұзушылықтарды анықтады.

Анықталған бұзушылықтарға байланысты аудан прокуратурасы сотқа сауда-саттық нәтижелерін және сатып алу-сату шартын жарамсыз деп тану туралы талап қойды. Анықталған бұзушылықтар істі қарау барысында Солтүстік Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотымен расталды.

СҚО мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы 21 шілдедегі шешімімен 2017 жылы өткізілген электрондық аукционның нәтижелері, сондай-ақ «Булаев су» ЖШС жарғылық капиталындағы үлестің басым бөлігін сатып алу-сату шарты жарамсыз деп танылды. Сот шешімі заңды күшіне енді.

Нәтижесінде мемлекетке сумен жабдықтау жүйесінің стратегиялық объектілері есебінен қалыптастырылған «Булаев су» ЖШС-нің тиісті үлесі қайтарылды. Осылайша, Булаев қаласының су құбыры желілері мен таза су резервуарларына мемлекеттік бақылау қалпына келтірілді. Аталған объектілердің баланстық құны 761 млн теңгеден асады.

Сумен жабдықтау объектілерін мемлекеттік сотқа қайтару қала тұрғындарын сенімді және үздіксіз сумен қамтамасыз ету үшін маңызды мәнге ие.

Аудан әкімдігі мен прокуратура органдарының мемлекеттік активтерді қорғау және олардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен жұмысы жалғасуда.

ТАҒАЙЫНДАУ

АУДАН АКТИВІНЕ АУДАНЫҢ ЖАҢА ПРОКУРОРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

24 тамыз күні аудан әкімі Рахат Смағұловтың төрағалығымен аудан активі өтіп, онда Мағжан Жұмабаев ауданының жаңа прокуроры — Қайсар Оралұлы Әбішев таныстырылды.

Солтүстік Қазақстан облысы прокуратурасының бірінші орынбасары Александр Трикачев өз сөзінде Қайсар Оралұлы еңбек жолын прокуратура органдарында 2007 жылы бастағанын айтып, қызмет атқарған жылдары прокуратура органдарында түрлі лауазымдарда еңбек еткенін тілге тиек етті.

Қайсар Әбішев осы аралықта Жамбыл ауданы және Петропавл қаласы прокуратурасының көмекшісі, облыс прокуратурасы басқармасының прокуроры және аға прокуроры, Петропавл қаласы прокуратурасы бөлімінің бастығы, Мағжан Жұмабаев ауданы прокуратурасының орынба-

сары және Петропавл қаласы прокуратурасының орынбасары қызметтерін атқарған.

2023 жылдың мамыр айынан бастап Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының прокуроры қызметін атқарды.

Жалпы еңбек өтілі 24 жылдан астам, оның ішінде прокуратура органдарындағы еңбек өтілі 19 жылдан астам.

Рахат Смағұлов пен аудан активі Қайсар Оралұлын жаңа қызметке тағайындалуымен құттықтап, жауапты қызметінде табыс, кәсіби жетістіктер және аудан тұрғындарының игілігі жолында жемісті еңбек тіледі!



«МАҒЖАН» ШЕКАРА БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша шекара қызметі департаменті бастығының 2026 жылғы 20 тамыздағы №401 бұйрығымен «Мағжан» шекара бөлімінің бастығы болып Арнұр Нұрмағамбетұлы Әмірғалиев тағайындалды.

Арнұр Нұрмағамбетұлы 1996 жылы 27 қарашада туған.

2018-2019 жылдары «Қарақұдық шекара бөлімінің бастығы, 2019-2022-жылдары «Жаңажол» шекаралық бөлімшенің бастығы, 2022 - 2024 жылдары «Батыр Баян» шекаралық бөлімшесінің бастығы, 2024-2025 жылдары «Мағжан» шекаралық бөлімі бастығының орынбасары, 2025-2026 жылдары «Қызылжар» шекаралық бөлімі бастығының

орынбасары. Үйленген, екі бала тәрбиелеп отыр.

Аудан басшылығы Арнұр Нұрмағамбетұлын жаңа қызметімен құттықтап, алдағы уақытта мемлекеттік шекараны қорғау, еліміздің тыныштығын қамтамасыз ету жолындағы қызметіне сәттілік тіледі және өзара іс-қимыл мен ынтымақтастық аясында аянбай еңбек ететініне сенім білдірді.



ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ: ЕЛ ЖАҢҒЫРУЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ

Жалғасы, басы 1-бетте.

«Конституциялық сот осындай шешім қабылдады. Әббетте, заң жүзінде менің қайта сайлануға құқығым бар. Бірақ алдағы уақытта сайлау өткізуге және оған қатысатыным немесе қатыспайтыным туралы сөз қозғауға әлі ерте. Біз еліміздің адалдығы турған ауқымды міндеттерді өңсеруіміз керек. Тұтас Қазақстанды үлкен құрылыс алаңына айналдырып, ең алдымен, азаматтарға арналған әлеуметтік нысандар салуымыз қажет. Бұл мақсатқа Ұлттық қордың қаржысын пайдалануға дайынмын. Халықтың игілігіне жарата алмасақ, қаражатты шетелдерде құнды қағаз ретінде ұстап отырудың қажеті анша? Қаржыны жай ғана ұстап отыруға қарсымын. Қаражат халқымыздың, азаматтарымыздың игілігіне қызмет етуі керек. Өрине, өлемдегі жағдайға баса назар аударуымыз, жан-жақты талдауымыз қажет. Өздеріңіз білесіздер, геосаяси ахуал күрделі. Бұралаң жолмен жүргенімізге қарамастан, ел ішінде белбітшілікті сақтап, дамуға қарай бет алып келеміз. Экономикалық өсім анық байқалады. Мұны негізгі халықаралық қаржы институттарының бағасы да растады. Алдағы уақытта тағы жолығармыз. Белкім, келесі жылы... Сол кезде сізге нақты жауап беремін», деп Мемлекет басшысы.

«Күрүлтайтың кирсе көңүлүнө кейинги өзгөргөсү төктөлсүң. Сиздин ойнуңузда, жана заң шыгаруусу орган биринчи кезекте кандай заңдарды кабылдайды? Күрүлтай депутаты кандай касиетке ие болуу керек? Оңун сайлаушылар алдындагы жауапкерчилиги кандай?» – деген «42кz» телеарнасы тилишсин сауалына Президент алгашкы бир палаталы Парламент сайлауынын тарихи мени зор экени туралы пикирин тагы бир мөрте кагыталады. Ол өзүнчү Күрүлтай сайлауына үлкөн үмүт артып отырганын эр өлүмүздү дамууна тын серпін береді деп санайтын жеткізді. Жаңа тұлгалар мен жаңа идеялар пайда болатынын тиге тиек етті.

«Жастардың ой-пікірін еркін жеткізуге, мемлекетіміздің қалыптасуына үлес қосуға» арнайы қолдаймын. Депутаттар, ел алдымен, заңның сапасына жауап береді деп сенемін. Екіншіден, олар берген уәделерін немесе бағдарламаларын орындауға тиіс. Үшіншіден, ел дамуына ықпал ететін заңдар қабылдануы керек. Қазір заман күрделі. Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Сондықтан туған елімізді озық, заманауи мемлекетке айналдыру жолында күш-жігерімізді біріктіру керек. Бұл ретте Конституция бізге мол мүмкіндік береді. Біртүтас ел болып қабылдаған Жаңа Конституциямыз өте озық, мазмұнды құжат деп айтсақ, қателеспейміз. Сондықтан Ата Заң бізге, әсіресе жастарға жарқын жол нұсқайды. Келешегіміз – жастардың қолында. Оған күмән жоқ», деп жауап берді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Құрылтай сайлауынан кейін жасақталатын жаңа



Министрлер кабинетінің бағыт-бағдары мен міндеттеріне тоқталды. Оның айтуынша, қазіргі Үкімет барынша табанды, жедел жұмыс атқарып, Мемлекет басшысы қойған міндеттерді орындап отыр. Дүние-жүзіндегі бәсекелестік күшейген заманда нарықтың сын-қатеріне мұқият назар аударып, ең бастысы, тиісті деңгейде төтеп беруіміз керек екенін айтты.

«Әлбетте, Үкімет отставкаға кетеді. Үкімет құрамында бірқатар өзгеріс болады. Ашығын айтқанда, дәл бүгін Үкімет жұмысына алаңдауға немесе оған сын айтуға қандай да бір негіз жоқ. Министрлер де, Үкімет жетекшісі де қолдан келгенше міндеттерін атқарып жатыр. Бірақ қадрлық өзгерістер әрдайым болады. Өйткені бұл Үкіметтің жұмысына қан жүгіртеді. Мәселе біреудің орнынан босатауда емес. Мен жай сұялтаумен жұмыстан шығаруға қашанда қарсымын. Әсіресе қазіргі тілмен айтқанда, медиадағы контент немесе мазмұн үшін ауыс-түйіс жасаудың қажеті жоқ. Қадрлық шешім шын мәнінде жұмысқа тын серпін беруі керек. Бәріміз айтып жүрген жаңыру күдеріне үздіксіз жүргізілуі тиіс. Өйткені бұл күдерді үдетісті ала жетелеп отыру қажет. Бұл істі Үкімет маңызды рөл атқарады», деп пікір білдірді Президент.

Буган қоса, сайлау науқаны кезінде партиялар арасындағы саяси бәсекенің деңгейіне оң баға берген Мемлекет басшысы сайлауларда науқанғын жақсы өткеніне, өте ұтымды, мазмұнды теле-дебаттар ұйымдастырылғанына, жастарымыз пікірталастарды зор ықыласпен тамашалағанына бүкіл халық құп болғанын атап өтті. Бұны жаңғыруымыздың жаңа кезеңі өрі қартайты қадам болды деп айта алатынын жеткізді.

«Jibek joly» телеарнасының журналисі Мемлекет басшысының жастарға сенім артып, ұдайы қолдау көрсетіп келе жатқанын айта келе, Құрылтай депутатығына үміткерлер арасында түрлі салада жемісті

еңбек етіп жүрген жастар бар екенін, олар Құрылтай жұмысына қандай серпін бере алатыны жөнінде сұрады.

«Оны көре жатармыз. Биз жастарга сенім артармыз. Оларды кезінде түрлү лауазымдарга тағайындадык. Үкүмөттөгү жогары кызмет аткарган жастардын бері өзіне жүктөлгөн міндетті мүлтіксіз орындады деп айта алмаймын. Өрүнө, түрлү кедергі мен себеп кезігіп жатады. Дегенмен жастарга сенім артып, жауапкершілік жүктөө керек. Оңсыз болмайды. Қазақстан – демография түргысынан жас мемлекет. Сондыктан жастарга зор сенім артармыз. Олар да буған дайын болуга тиіс. Эйтпесе, кезінде министр болып, Үкүметке келген соң жумыстың берекесін кетпегендер де болды. Буған жол бермеуіміз керек», деп жауап берді Президент.

Ал «Казахстанская правда» газетінің тілшісі Юлия Марер Мемлекет басшысының азаматтардың жүріс-тұрысының жаңа мәдениеті мен жаңа қоғамдық этика қалыптастыру жөнінде айтқан пікірін алғартып: «Сіздің бастамасыңызға бірқатар танымал азаматтар іліп екесті. Көбінесе ұлттық тәлім-тәрбиеге сай уақыттың болып, адамды құрметтей білу қасиеттеріне арқа сүйей қажет екені айтылып жүр. Өзгелерге құрмет, заң мен тәртіпті сақтау, өзінді сыйлау және жауапкершілік таныта білу азаматтарымыздың күнделікті дағдысына айнала ма?», деген сұрақ қойды.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұл турғыда өзінін науқан емес, нақты іске бастамашы болғанын, өйткені жастардың, егде адамдардың жүріс-тұрысына қарап, байырғы дәстүрлі құндылықтарымызға оралу қажет деген шешімге келгенін айтты. Оның пікірінше, ер адамдардың бір-бірін құшақтап, сүйіп амандасуы, сөлем-десу барысында әйелдердің еркектерді, еркектердің әйелдерді бетінен сүйуі дұрыс емес.

«Біздің салт-дәстүрімізде мұндай

еңқашан болмаған. Әсіресе әскери форма кигендердің, генералдардың осылай істегені кезге оғаш көрінеді. Бұл не мақсатқа? Кеңес Одағы маршалының, Дарханжүзілік соғыста, Ұлы Отан соғысында жеңіске жеткен маршалдардың осындай қылық көрсеткенін елестете аласыз-дар ма? Еркектер қолының үшін ұстата салмай, қолды қаттырақ қысып амандасуы керек. Сәл жымиса жаңа жеткілікті. Дарқан солай болған. Тіпті осы адамды көргеніңізге шын мәнінде қуанышты болсаңыз, оң қолыңызды кеуденізге қойып амандасыңыз. Өмірде мұндай жайт жиі кездеседі. Сондықтан мен жаңа жүрістіңізге әдебі туралы мәселе көтердім», деді Президент.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев тазалық, тәртіп мәдениетін тереңнен дерінтеу керек екеніне тоқталды. Қазір халқымыз Астанада, басқа қалаларда, аудандар мен облыстық маңызы бар шаһарларда өз өзгерістерге куә болып жүргенін тілге тиеп, өңір басшыларына жоғары талап қойғанын жеткізді.

«Осы іспен түпкілікті айналысамыз. Өйткені тазалық дегенді тура мағынасында қана емес, ой-сананың, жан дүниенің тазалығы деп түсінген жөн. Белгілі тұлғалардың бойы айқандай, ой тазалығы бой тазалығымен де ұштасқаны жөн. Яғни біз мәдениетті, таза ұлтқа айналуымыз керек. Сонда қана күллі өлемге таныламыз», деді Мемлекет басшысы.

Ал биыл Цифрандары жөне жасанды интеллект жылы деп жарияланганы, осыған орай жежелі міндеттерді орындау үшін цифрандыры мен жасанды интеллекттің күнделікті өмірге өсері туралы сұраққа жауап беру кезінде Қасым-Жомарт Тоқаев өміріміздің цифрлық мемлекет құрудың, яғни цифрлық қызметтер ұсына алатын мемлекет болудың алғашқы кезеңінен өтіп жатқанын атын өтті. Президент сондай-ақ өзге елдермен салыстырғанда өміріміз әлөкейлі жаңылденгенін айтты.

«Бұрын қаншама уақыт жұмсап табан тоздыраға тура келетін көп шаруаны қазір үйден шықпай-ақ шеше аламыз. Сондықтан цифрлық сервис көрсететін мемлекеттік деңгейде қалыптасу қажет болды. Қазір келесі кезеңге қадам бастық. Үкіметке алғашқы сатыда қалып қоймай, халықаралық келіссөздер жүргізу жөнінде тәсірмә бердім. Цифрандыру мен жасанды интеллект халыққа, еліміздің барша азаматына қызмет етуі керек. Қарапайым тілмен айтқанда, смартфон — ермек үшін ұстап, ертеден кешке дейін TikTok-қа телміретінді құрал емес. Смартфонмен ақша табуға болады. Мәселені осылай тетесінен қойған жөн. Әсіресе бұл шаруаларға керек. Олар ауыл-аймақтан шықпай-ақ кәсіби жүргізуге заманауи технологияны пайдалана алады. Алдағы уақытта Үкімет дел осы міндетті орындайды», деп ойын түйіндейді Мемлекет басшысы.

ҚҰРЫЛТАЙҒА 5 ПАРТИЯ ӨТТІ: ДЕПУТАТТАР МАНДАТЫ ҚАЛАЙ БӨЛІНДІ?

Жұрылтай депутаттарының сайлауы бейыныша партиялар арасында мандаттар бөлінді. Сайлауға 9 351 539 азамат қатысты, сайлаушылардың жалпы қатысу деңгейі 74,08%-ға жетті.



Ең көп мандатты «Әділет» партиясы иеленді.
Партия 6 528 948 дауыс (71,17%) жинап, 110 мандат алды.

Партиялардың сайлау нәтижесі:

- «Әділет» партиясы – 110 мандат;
- «Ауыл» партиясы – 10 мандат;
- «Respublica» партиясы – 9 мандат;
- «Ақ жол» Қазақстанның Демократиялық партиясы – 8 мандат;
- Жалпыұлттық социал-демократиялық партия – 8 мандат.

Сайлауда Қазақстан Халық партиясы 3,11%, «Байтақ» жасылдар партиясы 1,07% дауыс жинап, 5 пайыздық межеден аса алмады. Сондай-ақ сайлаушылардың 2,51 пайызы «Бөріне қарсы» нұсқасын таңдаған.

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз
августы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНА ДЕПУТАТТАРДЫ САЙЛАУ БОЙЫНША
ДАУЫС БЕРУДІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ



ИТОГИ ГОЛОСОВАНИЯ
НА ВЫБОРАХ ДЕПУТАТОВ КУРУЛТАЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Сайлаушылар саны
Количество избирателей

12 623 289

Қатысты
Приняли участие

9 351 539

Дауыс бергендердің қорытынды саны
Итоговая ява

74,08%

«Әділет» партиясы

адилет

Партия «Әділет»

Дауыстар
саны
Количество
голосов

6 528 948

%

71,17%

Мандатар
саны
Количество
мандатов

110

Жалпыұлттық социал-
демократиялық партия



Общепартийная
социал-демократическая
партия

469 058

5,11%

8

Қазақстанның
«Байтақ»
жасылдар партиясы

БАУТАҚ
ASTANA PARTY

Казахстанская партия
зелёных «Байтақ»

97 751

1,07%

Қазақстан Халық
партиясы

КХП
НПК
КАЗАХСТАН
НАРОДНОЙ
ПАРТИИ
КАЗАХСТАНА

Народная партия
Казахстана

285 395

3,11%

ауыл

Партия «Ауыл»

574 621

6,26%

10

«Ақ жол»
Қазақстанның
Демократиялық
партиясы

АКЖОЛ
Демократиялық Партиясы

Демократическая
Партия
Казахстана «Ак Жол»

478 083

5,21%

8

«Respublica» партиясы

Respublica

Партия «Respublica»

509 631

5,56%

9

«Бөріне қарсы» дауыс берді
Проголосовали «Против всех»

2,51%



МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ ТАРИХИ ТАҢДАУЛАРЫН ЖАСАДЫ



*23 тамыз Қазақстандықтар үшін ел тарихына
енетін күн болды: алғаш рет Жаңа бір палаталы
Құрылтай депутаттарының сайлауы өтті.*

Сайлау күні аудан аумағында 52 сайлау учаскесі жұмыс істеді, олар таңғы сағат 7:00-де есіктерін ашты. Сайлаушылар тізіміне аудан бойынша 18119 тұрғын енгізілді. Дауыс беруді ұйымдастыруды 52 учаскелік комиссия қамтамасыз етті, ал сайлау заңнамасының сақталуын саяси партиялардан, қоғамдық бірлестіктерден және ЕҚЫҰ миссиясынан 151 бақылаушы қадағалады.

Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғындары таңертеңнен бастап дауыс беруге белсенді қатысып, жоғары азаматтық ұстанымдарын танытты. Барлық ауылдық округтер мен елді мекендердегі сайлау учаскелерінде, соның ішінде Булаев қаласында нағыз мерекелік атмосфера орнады:

сауда орындары, көрме алаңдары мен фотоаймақтар ұйымдастырылды. Барлық жерде жарқын тақырыптық композицияларды, ұлттық ою-өрнектер мен декорлар жайғастырылды.

Іс-сараға тұрғындардың өздері ерекше дем берді: көптеген адамдар сайлауға талғампаз ұлттық киім киіп келді, осылайша дәстүрлердің сабақтастығы мен ата-бабалар тарихына құрмет көрсетілді.

Құрылтай депутаттарын сайлау күні мерекелік атмосфераны құруға үлес қосқан ауданның шығармашылық ұжымдарын ерекше атап өтуге болады. Жергілікті өнерпаздар өр жерде тұрғындар үшін концерт қойып, дауыс беру рәсімін жарқын халықтық мерекеге айналдырды.



АУДАН ӘКІМІ ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫНДА ДАУЫС БЕРДІ

23 тамыз күні таңертең аудан әкімі Рахат Смағұлов Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектепте орналасқан №201 сайлау учаскесіне келіп, азаматтық міндетін орындады.

Құрылтай сайлауы – ел болашағына қатысты маңызды шешімдер қабылдауға азаматтардың қатысуына мүмкіндік беретін қоғамдық-саяси үдеріс. Әрбір азаматтың дауыс беруі – өз таңдауын білдірумен қатар, елдің даму бағытына деген жауапкершілігін танытудың маңызды көрінісі.

Аудан әкімі Рахат Смағұлов табарлық мағжандықтармен қатар сайлау учаскесіне барып, жарқын болашақ үшін өз таңдауын жасады.

Еліміздің тұрақты дамуы, халықтың әл-ауқатының артуы және болашақ ұрпақтың жарқын келешегі жолындағы игі бастамаларымыз баянды болсын!

ЖАС ЖҰБАЙЛАР ҮЙЛЕНУ ТОЙЫ КҮНІ САЙЛАУҒА КЕЛДІ



Құрылтай депутаттарының сайлау күні Мағжан Жұмабаев ауданында ерекше және романтикалық оқиға орын алды. Булаев қаласындағы №202 сайлау учаскесіне жас жасөспірімдер — Даниял Серіков пен Жасмин Серікова үшін бұл тарихи күн өз отбасын құрудың басталуымен тұспа-тұс келді.

Жас жұбайлар алдымен өздерінің негізгі азаматтық таңдауын жасап, содан кейін үйлену тойын тойлау берік шешім қабылдады. Даниял Жасминге үйлену туралы ресми ұсыныс жасады, оған қыз сенімді келісіммен жауап берді.

Ерлі-зайыптылардың екеуі де Солтүстік Қазақстан облысының мақтанышы. Даниял (21 жаста) - Манап Қозыбаев атындағы СҚУ «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша сәтті бітірді. Ал Жасмин (20 жаста) - Жұмағали Тілеулин атындағы Солтүстік Қазақстан жоғары медициналық колледжін бітіріп, медицина саласының маманы атанды.

Дауыс беру күні ерлі-зайыптылар Булаев қаласындағы №202 сайлау учаскесіне ерекше көңіл-күймен келді. Жастар үшін үйлену тойының алдында бірге дауыс беру ересек өмірге саналы қадам болды. Даниял мен Жасмин қоғамның мықты бірлігінің құрылысы өз елінің болашағы үшін жауапкершіліктен басталуы керек, онда олар өмір сүріп, жұмыс істеп, болашақ ұрпақты тәрбиелеуі керек деп атап өтті.

Сайлау учаскесінде ғашық жұптың дауыс беруі - жастықтың, жаңарудың және Қазақстанның өркендеуіне деген сенімнің нағыз символына айналды.

«АҚ ЖАУЛЫҚ» КЛУБЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ САЙЛАУ УЧАСКЕСІНЕ БІРГЕ БАРЫП, ЕЛДІҢ АМАНДЫҒЫ ҮШІН БАТА БЕРДІ



23 тамыз - Құрылтай депутаттарының сайлауы күні Мағжан Жұмабаев ауданындағы белгілі шығармашылық ұжым — «Ақ жаулық» клубының қатысушылары да сайлау учаскесіне бірге барды.

Ұжым мүшелері осылайша бірлік пен ұлттық дәстүрлер сабақтастығын көрсетті. «Ақ жаулық» клубы 2011 жылы аудандық Мәдениет үйінің жанынан құрылған. Содан бері ұжым ауданның мәдени өміріне белсенді қатысып, ән өнерімен қатар театрлық бағыты да дамытып келеді. Клуб мүшелері халықтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына негізделген түрлі қойылымдарды көрермен назарына ұсынып жүр.

Биылғы маңызды жетістіктерінің бірі аудандық Гала-концертте өнер көрсетуі болды. Онда «Ақ жаулық» клубы «Көшпелі кезең» атты ауқымды театрландырылған қойылым ұсынды.

Сайлау учаскесіне барғаннан кейін клуб мүшелері жиналғандарға ақ бата берді. Аға буынның ақ тілегі елдегі бейбітшілік пен тыныштыққа, халықтың бірлігіне, Қазақстанның, Солтүстік Қазақстан облысының және туған ауданның өсіп-өркендеуіне арналды.

САЙЛАУ КҮНІ КІТАП КӨРМЕЛЕРІ ЖҰМЫС ІСТЕДІ

Мағжан Жұмабаев ауданының орталықтандырылған кітапханалық жүйесінің ұжымы Булаев қаласы мен ауылдық округтердегі сайлау учаскелерінде кітап көрмелерін ұйымдастырды.

Кітап көрмелері еліміздің екі маңызды құндылығы: Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі мен Қазақстан Республикасының Конституциясына арналды.

Сайлауға келушілер дауыс беріп, көрмені аралап тұрғындар мемлекетіміздің қалыптасу тарихы, егемендікке жету жолы туралы әдебиеттермен, сондай-ақ Ата Заңның мәтіні мен

оған берілген түсіндірмелермен таныса алды.

Көрменің басты ерекшелігі - «Ауданымызға арналған ақ тілек» атты шығармашылық кітап-макет болды. Әрбір қалаған адам оның беттеріне туған ауданымыздың болашағына арналған өз тілегін, ізгі сөздері мен ұсыныс-идеяларын қалдыра алды.



КҮЗГІ ОРАК НАУҚАНЫҢ БАРЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



23 тамыз күні аудан әкімі Рахат Смағұловтың төрағалығымен аудан әкімдігінің кезекті отырысы өтті. Оған әкімдік мүшелері, ауылшаруашылық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары, Бұлаев қаласы және ауылдық округтерінің әкімдері қатысты.

Күн тәртібінде ауданда күзгі егістік жұмыстарының барысы туралы сұрақ қаралып, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің басшысы Өлібай Құсайынов баяндама жасады.

Ауданның ауыл шаруашылығы алқаптарының жалпы ауданы – 638,3 мың га, оның ішінде – 466,6 мың га егістік, 162,2 мың га жайылым.

Аудан аумағында 318 ауыл шаруашылығы кәсіпорны тіркелген, оның ішінде 87 ЖШС және 231 ШҚ, ФҚ, ЖК.

Дөңді және дөңді-бұршақты дақылдарды жинау алаңы 301,0 мың га құрайды, оның ішінде бидай – 238,9 мың га, арпа – 28,0 мың га, сұлы – 1,9 мың га, астық қоспасы – 0,5 мың га, жасымдық – 13,5 мың га, бұршақ – 14,7 мың га, қарақұмық – 1,1 мың га, жүгері астық – 2,3 мың га.

Майлы дақылдарды жинау алаңы – 97,7 мың га (қыша – 2,0 мың га, рапс – 37,3 мың га, зығыр – 42,7 мың га, күнбағыс – 15,0 мың га, майбұршақ – 0,6 мың га). Жемшөп дақылдарын 26,4 мың га алқапта, оның ішінде бір жылдық шөптерді (астық қоспасы, судан шөбі) – 3,1 мың га, сүрлемді дақылдарды – 1,8 мың га, өткен жылдардағы көпжылдық шөптерді – 19,1 мың га жинау керек. Көкөніс дақылдары мен картопты жинау алаңы сөйкесінше 855 және 87 га құрайды.

230,3 мың га немесе 85,0% астық және 81,4 мың га немесе 83,3% майлы дақылдардың

жағдайы жақсы. Ал 40,7 мың га (15 %) дөңді және 16,3 мың га майлы (16,7%) дақылдардың жағдайы қанағаттанарлық.

Ағымдағы күнге 126,6 мың га астық (42,1%) орылды, оның ішінде: бидай – 84,1 мың га, арпа – 14,9 мың га, сұлы – 1,2 мың га, бұршақ – 12,5 мың га, жасымдық – 13,7 мың га, күздік қара бидай және 0,1 мың га астық қоспасы. 104,4 мың га (34,7%) бастырылды. 14,8 ц/га өнімділік кезінде бастыру 154,9 мың тоннаны құрады. Майлы дақылдар 12,3 мың га (12,6%) орылды, 2,7 мың га бастырылды, 2,8 мың тонна түсім түсті. Өнімділік – 10,4 ц/га.

Бүгінгі таңда төмендегідей мал азығы дайындалды: - шөп 63,8 мың тонна, 100,4%; - пішендеме 26,4 мың тонна, 99,7%; - сабан 31,8 мың тонна, 54,9%; - жем-шөп 13,1 мың тонна, 32,1%. Десикация 32,4 мың га алаңда жүргізілді. 80,6 мың га жер жыртылды.

Техниканың астық жинауға дайындығы 100% құрайды, оның ішінде астық жинайтын комбайндар – 691 бірлік (дайындығы 100%), оның ішінде 373 жоғары өнімді, жемшөп жинайтын комбайндар – 21 бірлік (дайындығы 100%), орамалы дестелеуіштер – 445 бірлік (дайындығы 100 %), жүк автомобильдері 234 бірлік (дайындығы 100%). Жыл басынан бері 5,4 млрд. тенге сомасына 144 бірлік жана техника мен жабдық, оның ішінде тракторлар – 28 бірлік, астық жинайтын комбайндар – 13 бірлік, егіс кешендері – 6 бірлік және 97

бірлік басқа да жабдықтар сатып алынды.

Ауданға егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін 6,5 мың тонна дизель отыны қажет. Жеңілдетілген дизель отынын жеткізушілермен 5 916,0 тонна көлемінде 135 шарт жасалды. «Операторлардағы» дизель отынының литрінің бағасы 1 литр үшін 309 теңгеден аспайды. Автобензиннің қажетті көлемі – 980 тонна (100 %), мотор майларына қажеттілік – 295 тонна (100%) бар.

Ауданда жалпы өнімділігі сағатына 988,3 тонна болатын 36 астық кептіргіш бар. Оның 30-ы дизель отынымен, 4-і газбен, 2-і сабанмен жұмыс істейді. 2025 жылы «Қызылжар МТС АҚ» ЖШС дизель отынымен астық кептіргіш пайдалануға берілді. Ағымдағы егіннің астығын кептіру үшін 3 583 тонна дизель отыны мен 185 тонна газға өтімді берілді.

Қазіргі уақытта ауданда жалпы сыйымдылығы 338,6 мың тонна болатын 4 астық қабылдау кәсіпорны жұмыс істейді, оның ішінде 3-уі лицензияланған:

- 1) «AGRIMER Bulaevo» ЖШС - 160,0 мың тонна, жүктемесі 22,9 мың тонна (14,3%);
- 2) «Тын Жер» ЖШС - 26,6 мың тонна, жүктемесі 12,5 мың тонна (47,0 %);
- 3) «Бұлаев Астық» ЖШС - 72,0 мың тонна, жүктемесі 11,3 мың тонна;

«Возвышенка Астық» ЖШС - 80,0 мың тонна.

Ағымдағы күні элеваторлар жаңа егіннің

2,0 мың тонна астығын қабылдады.

Сондай-ақ ауданның АШТО-де сыйымдылығы 250 мың тонна астық сақтауға арналған қоймалар бар, бұл жиналған егінді сақтауға мүмкіндік береді.

Көктемгі егіс жұмыстарын қаржыландыру бағдарламалары бойынша кредиттеу шеңберінде 2026 жылдың басынан бастап ауыл шаруашылығы кәсіпорындары 13 894,9 млн. тенге сомасына қаржыландырылды, оның ішінде:

1) «Ағарлық несие корпорациясы» АҚ арқылы «Кең дала 2» бағдарламасы бойынша 1 879,4 млн. тенгеге 39 өтімді қаржыландырылды;

2) «Солтүстік» ОКК АҚ-ға жалпы сомасы - 8 753,5 млн. тенгеге 14 өтімді (14 АШТО) берілді. 6 436,9 млн. тенге сомасына 10 өтімді қаржыландырылды.

3) «ҚазАгроКаржы» АҚ арқылы 4 488,0 млн. тенге сомасына 90 бірлік техника мен жабдық қаржыландырылды.

4) Ағымдағы жылы «Азық-түлік корпорациясы» ҰК» АҚ-ға жалпы сомасы 1 090,6 млн. тенгеге 17,3 мың тонна астық жеткізуге 8 өтімді берілді, - деді Өлібай Нұрбайұлы.

Аудан басшысы соңғы жылдардағы агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдауға үлкен назар аударылып, мемлекет жекелеген іс-шараларды қаржыландырудан бастап бүкіл өндірістік циклды кешенді қамтамасыз етуге кіріскенін атап өтті.

Соның нәтижесінде алдын ала қаржыландыру, жеңілдікті ресурстарға қол жеткізу, ауыл шаруашылығы техникасын жанарту, тынайтыңштар мен сапалы тұқымдарды қолдану көлемін ұлғайту, сондай-ақ заманауи агротехнологияларды енгізу диқаншыларға жауапты маусымға уақыты дайындалуға және егін жинау жұмыстарының жоғары қарқынын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Үкімет ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдаудың барлық қажетті шараларын қабылдады, бүгінде егінді шығынсыз және белгіленген мерзімде жинау қажет, - деді Рахат Смағұлов.

Жиын барысында ауыл шаруашылығы мамандарының астық өнімділігі, ауа райы, тұқым әзірлеу, ЖЖМ уақытылы жеткізу, орақ науқанын аяқтау мерзімдері, халықты мал азығымен қамтамасыз ету бойынша болжамдары тыңдалып, мекеме басшыларына және ауылдық округ әкімдеріне тиісті тапсырмалар жүктелді.

Әкімдік отырысының қорытындысы бойынша күн тәртібіне шығарылған сұрақ жан-жақты қаралып, тиісті қаулы қабылданды.

ВОЛЕЙБОЛ ТУРНИРИ

ВОЗВЫШЕНКА АУЫЛЫНДАҒЫ ВОЛЕЙБОЛДАН ДОСТЫҚ ТУРНИР



Жалпы жарысты ұйымдастыруға Возвышенка ауылдық округінің әкімі В.В. Соколов, аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Қ.М. Мұсатаев, волейбол бойынша жаттықтырушы В.К. Кондратов, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Д. Петрашин атсалысып, жарыстың жоғары деңгейде өтуіне қолдау білдірді.

Жарысқа Қарақоға ауылдық округінің, Петропавл қаласының және Возвышен

22 тамыз күні сағат Возвышенка орта мектебінде Қазақстан Республикасы Құрылтай депутаттарын сайлауға орайластырылған волейболдан жарыс өтіп, бұқаралық іс-шараны өтуіне Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша «Помощь рядом» еріктілер қозғалысының үйлестірушісі Шолпан Тоқпаева бастамашы болды.

ауылдық округінің бірнеше командалары қатысты.

Жарыс достық сипатта өткенімен, ойындар өте тартысты әрі әсерлі болды. Спортшылар бір-біріне қолдау көрсетіп,

командалық рухты, қарсыластарына деген құрметті және жеңіске деген жігерін таныта білді.

Жарыс қорытындысы бойынша Петропавл қаласының командасы жеңімпаз

атанды, қарақоғалықтар 2-ші орынды иеленсе, Александровка ауылының спортшылары 3-ші орынды қанағат тұтты.

Осылайша, волейбол алаңы - спорт, достық, жігер мен көтеріңкі көңіл күй тоғысқан орынға айналды!

Барлық қатысушыларға белсенділік, спорттық рух және керемет көңіл-күй үшін алғыс айтамыз!

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ» ЗАҢ: ЖАҢА ТАЛАПТАР ТУРАЛЫ НЕНІ БІЛУ ҚАЖЕТ?



«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңда мемлекеттік қызметтің мотивациялық әлеуеті мен тартымдылығын арттыруға, сондай-ақ оның институционалдық жадын қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар шаралар көзделген. Мәселен, мемлекеттік қызметшілерді де, мемлекеттік заңды тұлғалардағы басқарушылық лауазымдарға кандидаттарды да қамтитын «Е-қызмет» интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметке іріктеудің цифрлық форматы заңнамамен бекітілген.

Мемлекеттік қызметке цифрлық іріктеуді енгізу кандидаттарға мемлекеттік қызметке оңайлатылған және тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге (мерзімдері 5-7 жұмыс күніне дейін қысқартылған), қатысушыларды иесіздендіру және конкурс жеңімпазын автоматты түрде айқындау арқылы конкурстық рәсімдерді ашықтығы мен объективтілігін арттыруға, бюрократиялық кедергілерді барынша азайтуға, сондай-ақ адам факторын (прокторинг) жоюға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік кепілдіктерді нығайтуға және мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік қорғалуын арттыруға ерекше назар аударылды. Мемлекеттік қызмет өтіліне байланысты қосымша ақылы демалыс күндерін (ұзақтығы үш, бес және он күнтізбелік күн), сондай-ақ күнтізбелік жыл ішінде құсқа мерзімді ақылы демалыс (күнтізбелік он күннен аспайтын мерзім) беру мүмкіндігі көзделген.

Жұмыс уақытының режиміне байланысты мемлекеттік қызметшілердің еңбек құқықтарының кепілдіктері бекітілді. Мемлекеттік қызметшінің немесе мемлекеттік органның бастамасы бойынша тараптардың келісімі бойынша қызметші үшін лауазымдық жалақының

мөлшерін барабар қысқарта отырып, толық емес жұмыс уақыты белгіленуі мүмкін, оның ішінде: толық емес жұмыс күні, толық емес жұмыс аптасы, күнделікті жұмыс ұзақтығын бір мезгілде қысқарту және жұмыс аптасындағы жұмыс күндерінің санын қысқарту көзделген.

Бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар мемлекеттік қызметшілерге жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы – аптасына отыз алты сағаттан аспайтын уақыт белгіленеді. Бұл ретте жалақы мемлекеттік лауазымының белгіленген мөлшерлемесіне сүйене отырып, толық жұмыс аптасы ретінде толық көлемде төленеді.

Заңда тәртіптік жауапкершіліктің профилактикалық әлеуеті және тепе-теңділігін арттыруға бағытталған заңнамалық шаралар көзделген, тәртіптік заңдардың қолданылу мерзімдері олардың ауырлығына байланысты (екі айдан алты айға дейін) шектелген, жауапкершілікті жеңілдететін және ауырлатын жағдайларды бір мезгілде ескеруге, сондай-ақ құқықтық салдарларды саралауға мүмкіндік беретін тәртіптік жауапкершіліктің икемді негіздері айқындалған.

Заңмен лауазымдық өкілеттіктерін

атқарумен байланысты емес, бірақ мемлекеттік қызметтің абыройы мен беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттер үшін жауапкершілік күшейтілді. Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын, прекурсорларды медициналық емес пайдалану, алкогольдік, есірткілік және мас күйінде көлік құралын басқару мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарға жатқызылады.

Заңда құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі қызметтің кәсібиленуін және ұйымдастырушылық тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында құқық бұзушылықтардың алдын алу қызметтерін құру көзделген.

Осы қызметтің функцияларына тәртіптік комиссияның қызметін ұйымдастыру, қызметтік тергеу жүргізу рәсімдерінің сақталуын қамтамасыз ету, қызметтік әдептің сақталуын бақылау, жауапкершілікке тарту не өзге де құқықтық ықпал ету шараларын қолдану жөнінде ұсыныстар енгізу, соттарда мемлекеттік қызметшілердің өкілдігі мен мүдделерін қорғау және тағы басқасы жатады.

Өз кезегінде заңда персоналды басқару қызметтерінің қызметін стратегиялық кадрлық жоспарлауды іске асыруға қайта

бағдарлау, сондай-ақ құзыретті кадрларды тарту және ұстап қалу жөніндегі шаралар көзделген.

Қызметтік әдеп талаптарын сақтауы, мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу, сондай-ақ мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін жауапкершілікті қолдану мәселелері реттелді.

Заңның жеке нормасы әдептілік пен мінсіз бедел нормаларына арналған. Мемлекеттік қызметші қызметтік әдепті сақтауға, мінсіз беделді ұстануға, жағымсыз қоғамдық резонанс туғызуда немесе мемлекеттік қызметке кір келтіретін әрекеттер мен мінез-құлықтан тартынуға міндетті.

Мемлекеттік қызметшінің, мемлекеттік лауазымға орналасуға үміткер адамның мінсіз беделі мемлекеттік қызметке кіруге және оны өткеруге кедергі келтіретін мәңгілайдың болмауына байланысты жеке, әдептік және кәсіби қасиеттер жиынтығын қамтиды.

Дархан ХАЙРУЛЛИН,
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
Солтүстік Қазақстан облысы
бойынша департаментінің
басшысы.



Мүдделер қақтығысы мемлекеттік қызметшінің жеке мүдделері оның лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындауына ықпал етуі мүмкін немесе ықпал еткен жағдайда туындайды. Атап айтқанда, он туысына, танысына немесе қызметшінің жеке мүддесі байланысты ұйымға қатысты мәселені қарау кезінде туындауы мүмкін. Мұндай жағдайларда қызметтік шешімнің жеке мүдделілік ықпалымен қабылдануына жол бермеу маңызды.

Егер мемлекеттік қызметші туындаған немесе болуы мүмкін мүдделер қақтығысы туралы білсе, ол бұл туралы өзінің тікелей басшысына немесе мемлекеттік органның басшылығына жаз-баша түрде хабарлауға міндетті. Мұндай жағдай реттелгенге дейін қызметші тиісті мәселе бойынша лауазымдық өкілеттіктерін жүзеге асырмауы тиіс. Өз

ОБЪЕКТИВТІЛІК ПЕН БЕЙТАРАПТЫЛЫҚ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ДЕГЕН СЕНІМНІҢ НЕГІЗІ

Мемлекеттік қызметші үшін қызметтік міндеттерін атқару кезінде объективтілік пен бейтараптылықты сақтау жай ғана кәсіби қағидаттар емес, заңда белгіленген талаптар болып табылады. Мемлекеттік қызметші жеке мүдделерінің, туыстық байланыстарының және өзге де мән-жайлардың өзі қабылдайтын шешімдерге ықпал етуіне жол бермей, мемлекет пен азаматтардың мүддесі үшін әрекет етуге міндетті. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасында мүдделер қақтығысының алдын алуға және оны реттеуге қойылатын арнайы талаптар көзделген.

кезегінде басшылық қажетті шараларды қабылдауға, мысалы, мәселені қарауды басқа қызметшіге тапсыруға немесе қызметшінің лауазымдық өкілеттіктерін өзгертуге міндетті.

Заңнамада жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың және жекжаттардың тікелей қызметтік бағыныстылығына жол бермеу мәселесіне де ерекше назар аударылған. Бұл ретте заң туыстардың бір мемлекеттік орғана немесе ұйымда бірге жұмыс істеуіне тыйым салмайды. Шектеу олардың біреуінің екіншісіне тікелей бағынысты болуына немесе басшының өзінің жақын туысын, жұбайын (зайыбын) не жекжатын тікелей қызметтік бағынысында ұстауына байланысты белгіленеді.

Жақын туыстарға ата-аналар, балалар, асырап алушылар мен асырап алынғандар, туған және туысқан ағайындар мен апа-сіңлілер, атасы, әжесі және немерелері жатады. Жекжаттарға,

атап айтқанда, жұбайының (зайыбының) аға-інілері, апа-сіңлілері, ата-аналары мен балалары жатады. Мұндай шектеулер туыстық қатынастардың лауазымға тағайындауға, міндеттерді бөлуге, көтермелеуге, жұмысты бағалауға немесе тәртіптік шаралар қолдануға ықпал етуіне жол бермеу үшін қажет.

Белгіленген талаптардың негізгі мақсаты – барлық қызметшілер үшін тең жағдайларды қамтамасыз ету және таныстыққа, фаворитизмге, сондай-ақ қызметтік жағдайды жеке мүддеге пайдалануға жол бермеу. Осы талаптарды мемлекеттік органның құрылымын өзгерту, қызметшілерді тағайындау және ауыстыру кезінде ерекше ескеру қажет. Бұл ретте мүдделер қақтығысының туындауын немесе заңмен тыйым салынған қызметтік бағыныстылықты алдын ала болдырмау маңызды.

Мүдделер қақтығысына қатысты талаптарды сақтау және жақын туыстардың

тікелей қызметтік бағыныстылығына жол бермеу – жауапты мемлекеттік қызметтің маңызды құрамдас бөлігі. Мемлекеттік қызметші азаматтардың сенімі тек қабылданған маңызды шешімдерге ғана емес, заң талаптарының күнделікті өрі мүлтіксіз сақталуына да байланысты қалыптасатынын ескеруі қажет. Мүдделер қақтығысы туралы уақтылы хабарлау, объективті емес шешім қабылдауға қатысудан бас тарту және қызметтік жағдайды жақындарының мүддесі үшін пайдалануға жол бермеу – ашық, әділ өрі адал мемлекеттік қызметті қалыптастыру жолындағы нақты қадам.

Зейнегүл ҚҰНАНБАЕВА,
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Солтүстік Қазақстан облысы
бойынша департаментінің
Сыйбалас жемқорлықты алдын
алу басқармасының
бас маманы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ

«ІСКЕР АЙМАҚ» КӘСІПКЕРЛЕРҮШІН ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Солтүстік Қазақстан облысында микро және шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін «Іскер Аймақ» бағдарламасы аясында мемлекеттік қолдаудың жаңа мүмкіндіктері кеңейіп келеді.

Бағдарлама мемлекеттік қолдаудың қолжетімділігін арттыруға және жеке-кеген аудандар мен Петропавл қаласының ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіпкерлікті дамытуға жағдай жасауға бағытталған.

Бағдарлама аясында кәсіпкерлер инвестициялық мақсаттарға және айналым қаражатын толықтыруға 200 млн теңгеге дейін қаржыландыру ала алады. Бұл ретте сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қарастырылған. Субсидиялау мерзімі 3 жылға дейін.

Маңызды өзгерістердің бірі – экономикалық қызметтің басым түрлерінің тізбесін кеңейту. Солтүстік Қазақстан облысының әрбір ауданы мен Петропавл қаласы үшін 6 басым бағыттан айқындалды. Бұл жергілікті экономиканың ерекшеліктерін және кәсіпкерлік қызметтің неғұрлым суранысқа ие бағыттарын ескеруге мүмкіндік береді.

Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша басым бағыттардың тізбесіне мыналар

енгізілді:

- 55.1 — қонақүйлер мен тұруға арналған ұқсас орындардың қызметтер көрсетуі;
 - 56.1 — мейрамханалардың қызметі және тамақ өнімдерін жеткізу бойынша қызметтер көрсетуі;
 - 49.4 — жүк автомобиль көлігінің қызметі және көшу бойынша қызметтер көрсетуі;
 - 01.4 — мал шаруашылығы;
 - 47.1 — мамандандырылмаған дүкендердегі бөлшек сауда;
 - 45.2 — автомобильдерге техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу.
- Осылайша, аталған бағыттар бойынша қызмет жүзеге асыратын аудан кәсіпкерлері «Іскер Аймақ» бағдарламасы аясында мемлекеттік қолдау алу мүмкіндігін қарастыра алады.
- Солтүстік Қазақстан облысында бағдарламаны іске асыру тәжірибесі мемлекеттік қолдаудың әртүрлі салалардағы кәсіпкерлер арасында суранысқа ие екенін көрсетеді.

Қаржыландыру кәсіпкерлерге құрал-жабдықтар сатып алуға, өндірісті кеңейтуге, айналым қаражатын толықтыруға, бизнестің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге және одан әрі өсуіне жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Қолдау көрсетілген жобалардың қатарында полистилен және болат құбырлар, сандвич-панельдермен металл жабынқыштар өндіретін «Солтүстік құбыр зауыты» ЖШС бар. Айналым қаражатын толықтыруға тартылған қаражат кәсіпорында шикізаты уақытылы сатып алуға, қажетті өндіріс көлемін сақтауға және ағымдағы тапсырыстарды орындауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қолдау жаңа бизнесті іске қосу кезінде де, жұмыс істеп тұрған кәсіпорында кеңейту барысында да суранысқа ие болуы мүмкін. Сондықтан кәсіпкерлер үшін өз ауданы бойынша басым бағыттармен алдын ала танысып, қолжетімді қолдау құралдарын пайдалану мүмкіндіктерін бағалау маңызды.



«Іскер Аймақ» бағдарламасының талаптары, экономикалық қызметтің басым түрлерінің тізбесі және кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың басқа да шаралары туралы толық ақпаратты «Даму» қорының сайтынан және 1408 байланыс орталығының нөмірі арқылы алуға болады.

Әділжан ӘЛЖАНОВ,
Мағжан Жұмабаев ауданы кәсіпкерлік
бөлімінің басшысы.

АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

1 ҚЫРКҮЙЕКТЕН БАСТАП ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯНЫҢ ҚҰНЫ ҚЫМБАТТАЙДЫ



Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы №36 бұйрығымен бекітілген Қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларының 44 тармағына сәйкес, «Солтүстік Қазақстан Электржөлік Тарату Компаниясы» АҚ тұтынушылардың назарына 2026 жылғы 1 тамыздан бастап электр энергиясын бөлшек саудада өткізудің шекті бағасының ҚҚС-сыз 38,10 теңге/кВт.с. немесе ҚҚС-ты есепке алғанда 44,20 теңге/кВт.с. мөлшеріне дейін алдағы уақытта көтерілетіні туралы ақпаратты жеткізеді, соның ішінде тұтынушылар топтары бойынша:

- тұтынушылардың 1 тобы теңге/кВт.с. - (тауарларды, жұмыстарды

өндірумен (сатумен) және қызметтерді көрсетумен байланысты емес, өздерінің тұрмыстық мұқтаждары үшін электр энергиясын пайдаланатын тұрмыстық тұтынушылар) - ҚҚС-сыз 17,14 теңге/кВт.с.;

- тұтынушылардың 2 тобы теңге/кВт.с. - (электр энергиясын тұрмыстық мұқтаждықтардан тыс мақсаттарда пайдаланатын тұтынушылар) - ҚҚС-сыз 40,29 теңге/кВт.с.;

- тұтынушылардың 3 тобы теңге/кВт.с. - мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындары, елу және одан да көп дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталында қатысу үлестері) мемлекеттік болған заңды тұлғалар және де олармен аффилирленген елу және одан да көп дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталында қатысу үлестері) тікелей не жанама ұлттық инвестициялық холдингке, ұлттық компанияға тиесілі болған заңды тұлғалар, ұлттық инвестициялық холдинг, ұлттық компаниялар мен ұйымдары, бірақ

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құрылымына кіретін ұйымдары және елу және одан да көп дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталында қатысу үлестері) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі болған не оның сенімді басқаруында болған ұйымдарынан басқасы) — ҚҚС-сыз 65,52 теңге/кВт.с.;

- тұтынушылардың 4 тобы теңге/кВт.с. - (әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлардың өндірушілері, арнаулы экономикалық және индустриалдық аумақтарда орналасқан, Қазақстан Республикасы Президентінің істер басқармасының және оның ведомстволарының қарамағында болған ұйымдар) - ҚҚС-сыз 38,10 теңге/кВт.с.

2026 жылғы 1 тамыздан бастап электр энергиясымен жабдықтау тарифінің көтерілуінің негізгі себептері:

1) 1 кВтс. Үшін 15 теңге мөлшерінде электр энергияның бірыңғай сатып алушысынан электр энергияны сатып алуға тарифті көтеру. Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің 2026 жылғы 10 шілдедегі №167 бұйрығына сәйкес.

2) «Солтүстік Қазақстан Электржөлік Тарату Компаниясы» АҚ желілері бойынша электр энергиясын беру тарифін ҚҚС-сыз 1 кВтс. үшін 13,65 теңге мөлшеріне көтеру. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің табиғи монополияларды реттеу комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің 2026 жылғы 20 шілдедегі №47-НҚ бұйрығына сәйкес.

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2026 жылғы 24 сәуірдегі №76-НҚ бұйрығына сәйкес, 2026 жылғы 1 мамырдан бастап «КЕГОК» АҚ Ұлттық желісін пайдаланудың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің ҚҚС-сыз 3,216 теңге/кВтс. құрап, өсуі.

«Солтүстік Қазақстан Электржөлік Тарату Компаниясы» АҚ.

СТЖБ ЕСКЕРТЕДІ

БІР ЖЫЛДЫҚ ЕҢБЕК БІРНЕШЕ МИНУТТА КҮЛГЕ АЙНАЛУЫ МҮМКІН



Техниканың ақауы, сөндірілмеген темекі тұқылы немесе отпен абайсыз әрекет ету салдарынан өрт құрғақ алқапқа лезде тарап, егінді, техниканы жойып, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін.

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің мамандары төмендегі ережелерді еске салады:

- Егін жинау жұмыстары басталар алдында ауыл шаруашылығы техникасының техникалық жағдайын мұқият тексеріңіз;

- Комбайндар мен тракторларды өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етіңіз;

- Техниканы сабаннан, шаңнан және өсімдік қалдықтарынан уақытылы тазалаңыз;

- Егістік алқаптар мен астық сақтау орындарының маңында темекі шекпеңіз және ашық отты пайдаланбаңыз;

- Ыстық өрі желді күндері ерекше сақ болыңыз.

Мол өнім — үлкен еңбектің жемісі. Оны сақтау әр адамның жауапкершілігіне, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауына байланысты.

Өрт немесе түтін байқалған жағдайда дереу 101 немесе 112 нөмірлеріне хабарласыңыз.

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

БІР РОЗЕТКАҒА ШАМАДАН ТЫС ЖҮКТЕМЕ БЕРМЕҢІЗ!



ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІНЕ АРТЫҚ ҚАУІПТІ ЖҮКТЕУ!



Теледидар, жылытқыш, шөйнек, үтік сияқты қуатты құрылғыларды бір розеткаға немесе бір ұзартқышқа қатар қоспаңыз. Қарапайым сақтық өрттің алдын алады.

Электр сымдары қызса немесе күйді иісі сезілсе - құрылғыларды ажыратып, қауіпсіз жерге шығыңыз!

Қауіп төнсе, 101 және 112 нөміріне қоңырау шалыңыз!

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРГЕ: ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ ҚАЖЕТ

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті жұмыс берушілерге еңбек заңнамасының талаптарын сақтау қажеттігін еске салады.

Жұмыс беруші қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде орын алуы мүмкін жазатайым оқиғалардан міндетті түрде сақтандыруға міндетті.

Мониторинг жүргізу барысында жекелеген жұмыс берушілерде қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарттарының болмау фактілері анықталуда.

Назар аударамыз! Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген міндетті сақтандыру талаптарын сақтамау Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 230-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады.

Осыған байланысты Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласы мен аудандарының жұмыс берушілеріне қызметкерлерді міндетті сақтандыру шарттарын уақтылы жасасып, оларды заңнамада белгіленген тәртіппен тиісінше рәсімдеу қажет.

МАМАН КЕҢЕСІ

ЭХИНОКОККОЗ ЖӘНЕ ЕТҚОРЕКТИЛЕРДІ ПАРАЗИТТІК АУРУЛАРЫ

Жануарлардың паразиттік аурулары ветеринарияның өзекті мәселелерінің бірі болып қала береді. Олардың ішінде эхинококкоз ерекше орын алады — бұл тек жануарлар үшін емес, адам үшін де өте қауіпті ауру.

Эхинококкоздың қоздырғышы — Echinococcus туысына жататын ұсақ таспа құрт. Ересек паразиттің негізгі тасымалдаушылары — иттер, түлкілер және басқа да етқоректі жануарлар. Зақымдалған жануарлар паразит жұмыртқаларын сыртқы ортаға бөледі, одан кейін олар топыраққа, суға, тамақ өнімдеріне және қоршаған ортадағы заттарға түсуі мүмкін.

Иттердің зақымдануы көбінесе паразит дернәсілдерімен зақымдалған ауыл шаруашылығы жануарларының шикі ішкі-құрылысын жегенде орын алады. Аралық иелерінің — қойлардың, ірі қара малдың, шошқалардың және басқа да жануарлардың ағзасында эхинококк кисталары дамиды. Адам да ауру жануарлармен байланыста болғанда же зақымдалған тамақ өнімдері, су және жиналған қол арқылы жұқтырып алуы мүмкін.

Эхинококкоздың бөлек, етқоректі жануарларда басқа да паразиттік аурулар кездеседі: токсокароз, дипилидиоз, лямблиоз және басқа да инвазиялық аурулар. Олар жануарлардың денсаулығының нашарлауына, иммунитеттің төмендеуіне әкеліп,



Заң талаптарын сақтау — қызметкерлердің құқықтары мен еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды кепілі.




адам үшін де қауіп төндіруі мүмкін.

Алдын алудың негізі — үй жануарларын жауапкершілікпен ұстау: тұрақты түрде ветеринариялық өңдеуден өткізу, уақтылы дегельминтизация жүргізу, иттерге жануарлардың шикі ішкі-құрылысын бермеу, сондай-ақ жеке гигиена ережелерін сақтау.

Паразиттік аурулардың алдын алу — олардың салдарымен күрескеннен әлдеқайда оңай әрі тиімді. Жануарлардың денсаулығына қамқорлық жасау — бұл бір уақытта адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қауіпсіздігіне жасалған қамқорлық.

Наталья ДЕНИСЕВИЧ, ветеринариялық дәрігер.




Дүйсенбі, 31 тамыз	Сейсенбі, 1 қыркүйек	Сәрсенбі, 2 қыркүйек	Бейсенбі, 3 қыркүйек	Жұма, 4 қыркүйек	Сенбі, 5 қыркүйек	Жексенбі, 6 қыркүйек
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
05.30 ӘНУРАН. 05.35, 15.10, 04.40 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 06.05, 03.50 Т/Х «ЖАНТАЛАС». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 11.10, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.10, 02.45 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ОФИЦЕР ҚЫЗ». 14.10, 04.10 ЗАҢ МЕН ТӨРТПІ. 14.30, 04.25 ҚАЙТАРЫЛҒАН АКТИВТЕР ИГІЛІГІ. 14.55, 04.45 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 15.55, 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ...». 17.20, 00.45 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮПИЯСЫ». 22.20, 01.40 АШЫҚ АЛАҢ. 23.15 «1001 ТҮН». 03.30 ЗАҢ АЛДЫНДА.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.05, 03.50 Т/Х «ЖАНТАЛАС». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 11.10, 19.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.10, 02.25 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ОФИЦЕР ҚЫЗ». 14.10, 03.10 BILIMTREND. 14.35, 03.35 «ДОНАТ ДЕРТ». 14.55, 04.40 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 15.55, 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ...». 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮПИЯСЫ». 22.20, 01.35 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.05, 03.50 Т/Х «ЖАНТАЛАС». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.10 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 11.10, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.10, 02.30 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ОФИЦЕР ҚЫЗ». 14.10, 04.10 ЗАҢ МЕН ТӨРТПІ. 14.30, 04.25 ҚАЙТАРЫЛҒАН АКТИВТЕР ИГІЛІГІ. 14.55, 04.45 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 15.55, 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ...». 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮПИЯСЫ». 22.20, 01.35 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.05, 03.50 Т/Х «ЖАНТАЛАС». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.10, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.10, 02.45 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ОФИЦЕР ҚЫЗ». 14.10, 04.20 ТАЗА САНА. 14.40, 01.30 PRIME ERA. 15.00, 04.45 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 16.00, 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ...». 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.25, 00.35 АҚША ӨЛІШПЕСІ. 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮПИЯСЫ». 22.20, 01.50 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.45 АҚПАРАТ. 06.00 АҚША ӨЛІШПЕСІ. 06.05, 03.50 Т/Х «ЖАНТАЛАС». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.10, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.10, 03.00 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 14.10, 04.40 QAZAQ CREATIVE. 14.35, 05.00 ЗЕЙНЕТ КАПИТАЛЫ. 14.55, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 15.55, 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ...». 17.20, 01.15 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮПИЯСЫ». 22.20, 02.05 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН. 00.10 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 20.00, 02.05 АҚПАРАТ. 06.05, 03.00 Т/Х «ЖАНТАЛАС». 07.45 ЗЕЙНЕТ КАПИТАЛЫ. 08.05 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 08.55 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 09.55, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 11.55 ІЗГІЛІК ФОРМУЛАСЫ. 12.15 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 14.25 М/Ф. 15.30 «МАЛАЙ», Х/Ф. 17.40, 02.35 ҚҰРЫЛТАЙ. 20.15, 02.20 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮПИЯСЫ». 21.25 «SUPERSTAR KZ». 23.35 «СҮЛҮ МЕН ҚҰБЫЖЫҚ», Х/Ф. 04.45 Д/Ф.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 05.50 BILIMTREND. 06.05, 03.00 Т/Х «ЖАНТАЛАС». 08.00, 16.40 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.00, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.00 SUPERSTAR KZ. 14.10 М/Ф. 17.40, 02.15 АҚОРДА. 20.00, 01.35 АПТА. 20.40 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮПИЯСЫ». 21.35 «МАЛАЙ», Х/Ф. 23.35 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 02.35 «ІЗГІЛІК ФОРМУЛАСЫ». 04.45 Д/Ф.

Дүйсенбі, 31 тамыз	Сейсенбі, 1 қыркүйек	Сәрсенбі, 2 қыркүйек	Бейсенбі, 3 қыркүйек	Жұма, 4 қыркүйек	Сенбі, 5 қыркүйек	Жексенбі, 6 қыркүйек
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 С. ӘБЕНОВ. 07.00 ОЯН. 09.00 COVER SHOW. 10.00 Т/Х «СЫРАЛАСТАР». 13.00 ОЙНАIQ. 14.00 М/Ф. 15.30, 20.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 21.20 «БНИК СЕЗІМ», Х/Ф. 23.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 23.50 Т/Х «РАЙСКОЕ МЕСТО». 00.45 «ӨЗГЕР». МЕНАЙСЯ К ЛУЧШЕМУ! 01.20 100 САРБАЗ. 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 РОЗА РЫМБАЕВА. 07.00 ОЯН. 09.00 COVER SHOW. 10.00 Т/Х «ДЕТЕКТИВ ӨЖЕ». 12.30 Д/Ф. 13.00 ОЙНАIQ. 14.00 М/Ф. 15.30, 20.00 Т/С «КЕЛІНЖАН». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 21.20 «ВНП АЕАЙ», Х/Ф. 23.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 23.50 Т/С «РАЙСКОЕ МЕСТО». 00.45 «ӨЗГЕР». МЕНАЙСЯ К ЛУЧШЕМУ! 01.20 100 САРБАЗ. 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 СЕРКІЗАТ ДҮЙСЕНҒАЗЫ. 07.00 ОЯН. 09.00 COVER SHOW. 10.00 Т/Х «ДЕТЕКТИВ ӨЖЕ». 13.00 ОЙНАIQ. 14.00 М/Ф. 15.30, 20.00 Т/С «КЕЛІНЖАН». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 21.20 «БАЙДЫҢ БАЛАСЫ», Х/Ф. 23.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 23.50 Т/С «РАЙСКОЕ МЕСТО». 00.45 «ӨЗГЕР». МЕНАЙСЯ К ЛУЧШЕМУ! 01.20 100 САРБАЗ. 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 АЛТЫНАЙ ЖОРАБАЕВА. 07.00 ОЯН. 09.00 COVER SHOW. 10.00 Т/Х «ДЕТЕКТИВ ӨЖЕ». 12.20 Д/Ф. 13.00 ОЙНАIQ. 14.00 М/Ф. 15.30, 20.00 Т/С «КЕЛІНЖАН». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 21.20 «ЛОБОЙ ПРОБЛЕМА ШЕШЕМІЗ», Х/Ф. 23.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 23.50 Т/С «РАЙСКОЕ МЕСТО». 00.45 «ӨЗГЕР». МЕНАЙСЯ К ЛУЧШЕМУ! 01.20 100 САРБАЗ. 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЛАШЫН МҰРАТҚЫЗЫ. 07.00 ОЯН. 09.00 COVER SHOW. 10.00 Т/Х «ДЕТЕКТИВ ӨЖЕ». 13.00 ОЙНАIQ. 14.00 М/Ф. 15.30, 20.00 Т/С «КЕЛІНЖАН». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 20.30 «МЕНІҢ ҮЙІМ ҚАЙДА?», Х/Ф. 22.00 ҚОҒАМ ПІКІРІ. 23.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 23.50 Т/С «РАЙСКОЕ МЕСТО». 00.45 «ӨЗГЕР». МЕНАЙСЯ К ЛУЧШЕМУ! 01.20 100 САРБАЗ. 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 06.00 ДАСТАН ОРАЗБЕКОВ. 08.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 11.00 М/Ф. 12.30 «АНГЕЛЫ ЧАРИ: ТОЛЬКО ВПЕРЕД», Х/Ф. 14.30 COVER SHOW. 15.15 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.30 КОНЦЕРТ. 18.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 21.00 7 КҮН. 21.30 ЖҰМЫР ЖЕР. 21.50 «ЖАЖДА СМЕРТИ», Х/Ф. 23.50 КОНТЕКСТ. 00.45 «ӨЗГЕР». МЕНАЙСЯ К ЛУЧШЕМУ! 01.20 100 САРБАЗ. 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 06.00 КОНЦЕРТ. 08.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 11.00 М/Ф. 12.15 «ЖАЖДА СМЕРТИ», Х/Ф. 14.15 COVER SHOW. 15.15 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 21.00 7 КҮН. 21.30 ГЛОБАЛЬНЫЕ НОВОСТИ. 21.50 «АНГЕЛЫ ЧАРИ 2: ТОЛЬКО ВПЕРЕД», Х/Ф. 23.50 ПОДКАСТ. AZAMAT LIVE. 01.00 «ӨЗГЕР». МЕНАЙСЯ К ЛУЧШЕМУ! 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 31 тамыз	Сейсенбі, 1 қыркүйек	Сәрсенбі, 2 қыркүйек	Бейсенбі, 3 қыркүйек	Жұма, 4 қыркүйек	Сенбі, 5 қыркүйек	Жексенбі, 6 қыркүйек
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00 Т/С «ДЕНЬ СВЯТОГО ВАЛЕНТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАХСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 13.10 АНАЛИТИКА. 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.00, 03.45 KÖREMİZ- ШОУ. 20.00, 01.50 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. РАСПЛАТА ЗА СПРАВЕДЛИВОСТЬ». 02.40 Т/С «ХИРОМАНТ. ЛИНИИ СУДЕБ».	06.00 Т/С «ДЕНЬ СВЯТОГО ВАЛЕНТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАХСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 13.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.00, 03.45 KÖREMİZ- ШОУ. 20.00, 01.50 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. РАСПЛАТА ЗА СПРАВЕДЛИВОСТЬ». 02.35 Т/С «ХИРОМАНТ. ЛИНИИ СУДЕБ».	06.00 Т/С «ОСОБЕННОЕ ЛЕТО». 07.00 Т/С «ЗАБУДЬ И ВСПОМНИ». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАХСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 13.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.00, 03.45 KÖREMİZ- ШОУ. 20.00, 01.30 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. РАСПЛАТА ЗА СПРАВЕДЛИВОСТЬ». 23.10 «ВСТРЕЧА НА ВСТРЕЧКЕ», Х/Ф. 02.20 Т/С «ХИРОМАНТ. ЛИНИИ СУДЕБ».	06.00 Т/С «ОСОБЕННОЕ ЛЕТО». 07.00 Т/С «ЗАБУДЬ И ВСПОМНИ». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАХСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 13.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.00, 03.45 KÖREMİZ- ШОУ. 20.00, 01.30 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. РАСПЛАТА ЗА СПРАВЕДЛИВОСТЬ». 23.10 «ВСТРЕЧА НА ВСТРЕЧКЕ», Х/Ф. 02.20 Т/С «ХИРОМАНТ. ЛИНИИ СУДЕБ».	06.00 Т/С «ОСОБЕННОЕ ЛЕТО». 07.00 Т/С «ЗАБУДЬ И ВСПОМНИ». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАХСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 13.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.50 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.00, 03.45 KÖREMİZ- ШОУ. 20.00, 01.50 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.05 Т/С «ЗАГАДКА НА ДВОИХ. ФЕВРАЛЬСКАЯ СИРЕНЬ».	06.00, 03.40 ҚАЙМАҚ. 07.55 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 08.35 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 09.50 ПОЛЕ ЧУДЕС. 11.20 «ПЕТЕРБУРГСКИЙ РОМАН», Х/Ф. 17.30 ТОЧЬ-В-ТОЧЬ. 20.00 АСАУ ЖАНАЛЫҚТАР. 20.35 «АТЕЛЬЕ СЧАСТЬЯ», Х/Ф. 01.50 Т/С «БЕЗ ОСОБЫХ ПРИМЕТ».	06.00, 03.20 ҚАЙМАҚ. 07.30 АСАУ ЖАНАЛЫҚТАР. 08.30 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 11.00 «ПЕТЕРБУРГСКИЙ РОМАН», Х/Ф. 17.20 «ЛОТЕРЕЯ», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.50 «В ОТРАЖЕНИИ ТЕБЯ», Х/Ф. 02.10 «КОМАНДЫ».

Әлбетте, халық рухының көрінісін,
заман ауқымының жай-жапсарын аңдап,
тану – аса күрделі құбылыс, ұлылардың
ғана үлесі. Үстіміздегі ғасырда бұл
қасиет толығымен дарыған жалағыз
қазақ болды, ол – Мағжан жарықтық еді.
Мұхтар МАҒАУИН.



КӨШІ-ҚОН ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ!

8 ӨНІРДІҢ БІРІНЕ ҚОНЫС АУДАРЫП, 7 МЛН ТЕНГЕ АЛУҒА БОЛАДЫ



Бағдарламаның басты мақсаты – жұмыс күші тапшы өңірлерге білікті мамандарды тартып, елдегі демографиялық және экономикалық теңгерімсіздікті жою.

Қазақстанда жұмыс күші тапшы өңірлерге азаматтардың ерікті түрде қоныс аударуы бағдарламасының шарттары өзгеріп, мемлекеттік қолдау көлемі артты. Енді бағдарлама қатысушылары баспана сатып алу үшін мемлекеттен 7 миллион теңгеден астам қайтарымсыз қаржылай көмек ала алады. Өзгеріс биыл 14 тамызда күшіне енді.

Ерікті қоныс аудару бағдарламасы деген не және ол қашаннан бері жұмыс істейді?

Ерікті түрде қоныс аударуды ынталандыру мемлекеттік бағдарламасы Қазақстанда 2017 жылдан бері жүзеге асырылып келеді.

Бағдарламаның басты мақсаты – жұмыс күші тапшы өңірлерге білікті мамандарды тартып, елдегі демографиялық және экономикалық теңгерімсіздікті жою. Осы орайда мемлекет қоныс аударушыларға жұмыс табуға, тұрғын үй мәселесін шешуге және бастапқы шығындарды өтеуге көшпенді түрде көмектеседі.

Тұрғын үй сатып алуға берілетін қаржы көлемі қалай өзгерді?

Бағдарламадағы ең басты жаңалық – тұрғын үй сатып алуға берілетін қайтарымсыз сертификат сомасының айтарлықтай өсуі:

- Бұған дейін: Мемлекет баспана сатып алуға 1160 АЕК көлемінде қаржы бөліп келді;

Енді: Сертификат көлемі 1625 АЕК-ке дейін ұлғайтылды;

Теңгедегі баламасы: Бұл сома 7 028 125 теңгені құрайды;

Өзгерістің күшіне ену мерзімі: Жаңа ережелер 14 тамыздан бастап ресми түрде қолданысқа енеді.

7 млн теңгелік сертификатты пайдаланудың басты шарттары қандай?

Бөлінген сертификат қаражаты азаматтардың қолына берілмейді және оның қатаң мақсатты арнасы бар:

1. Тек көшіп барған жерде жұмсалады: Қаражат тек азамат ресми түрде қоныс аударған елді мекеннен баспана немесе пәтер сатып алуға бағытталуы тиіс.

2. Нақты құны ғана төленеді: Егер сатып алынатын үйдің немесе пәтердің нарықтық бағасы сертификаттың максималдік сомасынан арзан болса (мысалы, ауылдағы үй 4,5 млн теңге тұрса), мемлекет келісімшартқа көрсетілген нақты құнын ғана төлейді. Соманың қалған бөлігі азаматқа берілмейді.

Жаңартылған бағдарламаға кімдер қатыса алады?

Жаңа ережеде қатысушылар санаты кеңейтілді. Енді өтінімді мына азаматтар бере алады:

- Сұранысқа ие мамандар: Мұғалім, дәрігер, инженер, агроном және өңірде тапшы басқа да кәсіп иелері;

- Шаруа және фермер қожалықтарының басшылары: Ауыл шаруашылығын дамыту және аграрлық секторда жаңа жұмыс орындарын ашу мақсатында фермерлікпен айналысатын кәсіпкерлерге де бағдарламаға қатысуға мүмкіндік берілді.

Қай өңірлерге қоныс аударуға болады?

Мемлекеттік бағдарлама еліміздің барлық аймағын қамтымайды. Оған тек еңбек ресурста-

рына сұраныс жоғары мына 8 өңір енгізілген:

- Ақмола облысы;
- Қарағанды облысы;
- Қостанай облысы;
- Павлодар облысы;
- Солтүстік Қазақстан облысы;
- Шығыс Қазақстан облысы;
- Абай облысы;
- Ұлытау облысы.

Көшуге байланысты біржолғы өтемақы қалай төленеді?

Тұрғын үй сатып алуға берілетін сертификаттан бөлек, мемлекет көшу шығындарын өтеу үшін біржолғы субсидия бөледі:

Өтемақы мөлшері 70 АЕК құрайды.

Маңызды ерекшелігі: Бұл сома бағдарлама қатысушысының өзіне ғана емес, онымен бірге көшіп барған отбасының әрбір мүшесіне (жұбайы, балалары, ата-анасы) жеке-жеке төленеді.

Тұрғын үй жалдау мен коммуналдық қызметтерге берілетін өтемақы мөлшері қандай?

Баспана сатып алғанға дейін мемлекет қоныс аударушыларға 12 ай бойы үйді жалға алуға және коммуналдық қызметтерді төлеуге ай сайын өтемақы төлейді.

Бұл төлемнің көлемі отбасы құрамына және тұратын жеріне байланысты:

- Қалада: Ай сайын 20-30 АЕК аралығында;
- Ауылдық жерде: Ай сайын 15-21 АЕК аралығында.

Жұмыспен қамту және қайта даярлау бойынша қандай қолдау бар?

Бағдарлама қатысушылары жаңа жерге барған соң жұмыссыз қалмайды. Мемлекет тарапынан мынадай кепілдіктер қарастырылған:

- жергілікті мансап орталықтары мамандығы бойынша жұмысқа орналасуға белсенді түрде көмектеседі;
- қажет болған жағдайда тегін кәсіпті оқыту және біліктілікті арттыру курстарынан өткізеді.

Баспана таңдап, сатып алғанша уақытша қайда тұруға болады?

Егер қоныс аударушы бірден үй сатып ала алмаса немесе лайықты баспана таппаған жағдайда, мемлекет тарапынан мынадай мүмкіндік бар:

Жекелеген жағдайларда азаматтарға қызметтік тұрғын үй немесе жатақханадан бөлме уақытша пайдалануға беріледі.

Өтінімді қайда тапсырады және ол қанша уақытта қаралады?

Барлық өтінімді қабылдау процесі толық цифрландырылған. Қатысуға тілек білдірушілер migration.enbek.kz порталы арқылы онлайн өтініш бере алады.

Порталда қандай мүмкіндіктер бар?

1. Қоныс аудару өңірлерінің интерактивті картасымен танысу.
2. Әр өңір бойынша сұранысқа ие мамандықтар тізімін тексеру.
3. Жұмыс берушілер ұсынған бос жұмыс орындарын қарау.

Өтінімді қарау мерзімі: Келіп түскен өтініштер 14 жұмыс күні ішінде қаралып, шешім шығарылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

БУЛАЕВ ҚАЛАСЫНДА ТЕМІРЖОЛ ӨТКЕЛІ ЖӨНДЕУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖАБЫЛАДЫ

Петропавл қашықтық жолының әкімшілігі аудан тұрғындарына 31 тамыз сағат 07-ден бастап Булаев қаласындағы Сәбит Мұқанов көшесінде орналасқан «Элеватор» теміржол өткелінде рельс-шпал торын ауыстырумен және осы өткелдің төссемін ауыстырумен жолды күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетінін хабарлайды.

Жөндеу жұмыстары 2026 жылдың 9 қыркүйегі сағат 23.00-ге дейін (жергілікті уақыт) жүргізіледі, осыған орай, өткелдегі автомобильдер мен мотоциклдерге арналған қозғалыстар кезек-кезекмен жабылатын болады.

ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ

«ТАМАНСКОЕ-БУЛАЕВ» АВТОБУС МАРШРУТЫ АШЫЛАДЫ



Құрметті Таманское, Пулеметовка, Рожино және Достық ауылдарының тұрғындары!

2026 жылдың 28 тамызынан бастап «Таманское – Булаев» бағытындағы автобус маршруты іске қосылады. Автобус Пулеметовка, Рожино және Достық ауылдарына кіріп өтеді.

Жолға шығу уақыты:


• Таманское ауылынан — сағат 06:30-да;

• Булаев қаласынан — сағат 13:30-да.

Тұрғындарды тұрақты автобус қатынасының мүмкіндігін пайдалануға және сапарларын жоспарлау кезінде көрсетілген уақытты ескеруге шақырамыз.

АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

ТҰРМЫСҚА ШЫҚТЫҢЫЗ БА? ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІН АУЫСТЫРУДЫ ҰМЫТПАҢЫЗ!



Қазақстанда тұрмысқа шығып, тегін өзгерткен әйелдер жүргізуші куәлігін ауыстыруы қажет. Бұл туралы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы хабарлайды.

Егер жүргізуші куәлігінде бұрынғы тегіңіз көрсетілсе, құжаттағы мәліметтер жеке куәліктегі деректермен сәйкес болуы үшін оны жаңарту қажет.

Жүргізуші куәлігін арнайы ХҚКО-да немесе электронды үкімет порталы арқылы онлайн ауыстыруға болады. Ол үшін жеке куәлік пен қолданыстағы жүргізуші куәлігі қажет. Сонымен қатар мемлекеттік баж төленеді.

Директор - бас редактор
Неля ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі:
«Газета-Вестин» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік
Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы,
Булаев қаласы, Батыр Баия көшесі, 13 үй.

Тел: 2-17-49.

Баспадан индекс 65360
e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет антасына
1 рет белсенді күні
шығады.
Жазылу индексі - 65360

«Magjan zhuldyzy» газеті
редакцияда тегін беттеледі.
«Севастопольский Казахстан»
баспаханасында басылады.
(Петропавл қ., Коммуна қ.-с, 5 үй).
Таралымы - 440

Газет аудан әкімінің, аудандық
мәслихаттың тапсырысы бойынша
шығарылады және газеттер арқылы
мемлекеттік ақпараттық саясатты
жүргізудегі ресми баспадан болып
табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылғы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады